

Мұхатова О.

тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Orazgul7@rambler.ru

**«ОТТАН ТҮСПЕГЕН ОЙЛАРЫ» БАР АҚЫН
(Ғұсман Жандыбаевтың жеке қор құжаттары бойынша)**

Мақалада ҚР Алматы қаласы мемлекеттік архивінде сақтаулы Ғұсман Елеуұлы Жандыбаевтың №288 жеке қорының құрылуы баяндалып, құрамы мен мазмұны көрсетіледі. Жеке қордың бөлімдері және олардың мазмұны сипатталады. Қордың жекелеген бөлімдерінің ерекшеліктері анықталады. Қор құрушының өмірбаяны, қызмет жолының басталуы, әдебиетке келуі құжаттар бойынша талданады. Автор қор құжаттарын талдауда үш бағытты: ақпараттық, коммуникативтік және биографиялық ұстанады. Ғ. Жандыбаевтың республикалық фестивальге қатысуы және түрлі байқаулардың жеңімпазы атануы, алғашқы жыр жинақтары қарастырылады. Ғұсман Елеуұлының философиялық, саяси, экономикалық, психологиялық тұрғыдағы «Оттан түспеген ойлар» және ойтолғаулары, «Айтылмаған ақиқат» атты трактаттарының мәні ашылады. «Хань дәуірі» және «Бабыл патшасы Хаммурапидің заңдары» атты қолжазбалары талданады. Қордағы ақынның өзіндік ойтолғаулары, пікірлері, көзқарастары көрсетіледі. «Нарық портреттері» деген атау мен берілген сөздігінен мысалдар келтіріледі. Жеке қордың маңызына баға беріледі.

Түйін сөздер: архив, қор құрушы, өмірбаян, хат, мұғалім, ақын, фестиваль, өлең, пікір, ойтолғау, қолжазба.

Mukhatova O.

Doctor of Historical Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, g. Almaty, e-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Poet having burning thoughts
(According to the documents of the personal archival fund
of Gusman Zhandybaev)**

The article describes the history and the creation of a personal Fund Jandibaev Guzman of Yeleuovich stored in the State archive of Almaty, it will display the structure and content. The sections of the personal Fund and their content are characterized. Kazakhstan gecelerin blindern erekteler animality. The features of each section of the Fund are determined. The biography of the Fund-Builder, the beginning of work, visiting the literature are analyzed according to the documents of the Fund. In the analysis of the Fund's documents, the author follows three directions: informational, communicative and biographical. The participation of G. Zhandybaeva in the national festival and becoming the winner of various competitions, the publication of the first collections of poems. Raskryvaetsja the essence of reflection Guzman of Yeleuovich «Ottan Tsien of oylar» and treatises «Italian Akikat,» which are philosophical, political, ekonomicheskii, psychological. Analyzes his manuscript «the Era of the Han» and «the law of the king of Babylonia Hammurabi». Show peculiar thoughts, opinions, views of the poet. Examples from the dictionary called «Portraits of market relations» are given. The value of the personal Fund is assessed.

Key words: archive, the founder of the reserves of, biography, writing, teacher, poet, festival, poem, thoughts, insights, manuscript.

Мухатова О.

доктор исторических наук, профессор
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Поэт с горящими мыслями
(По документам личного архивного фонда Гусмана Жандыбаева)**

В статье излагается история создания личного фонда Джандыбаева Гусмана Елеуовича, хранящегося в Государственном архиве г. Алматы, рассматриваются его состав и содержание. Характеризуются разделы личного фонда и их содержание. Определяются особенности

каждого раздела фонда. Биография фондообразователя, начало трудовой деятельности, посещение литературы анализируются по документам фонда. При анализе документов фонда автор придерживается трех направлений: информационной, коммуникативной и биографической. Рассматривается участие Г. Жандыбаева в республиканском фестивале и становление его победителем на разных конкурсах, публикация первых сборников стихов. Раскрываются сущность размышлений Гусмана Елеуовича «Оттан түспеген ойлар» и трактатов «Айтылмаған ақиқат», которые носят философский, политический, экономический, психологический характер. Анализируются его рукописи «Эпоха Хань» и «Законы царя Вавилонии Хаммурапи». Показываются своеобразные мысли, мнения, взгляды поэта. Приводятся примеры из словаря под названием «Портреты рыночных отношений». Дается оценка значению личного фонда.

Ключевые слова: архив, фондообразователь, биография, письмо, учитель, поэт, фестиваль, стихотворение, размышления, мнение, рукопись.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы ұлттық архив қорының бір бөлігін жеке тектік құжаттар құрайтындығы белгілі. Жеке тектік құжаттар – бұл Отанының болашағы, елінің ертеңі, жерінің тұтастығы, халық бірлігінің мызғымастығы үшін еңбек еткен азаматтардың өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған баға жетпес мұра, асыл қазына. Архивтердің міндеті соларды насихаттау болса, зерттеушілердің міндеті халық арасынан шыққан бірегей адамдарының өмірі мен халқына сіңірген еңбегін зерделеу, көпшілікке таныстыру болып табылады. Туған жердің өкілдерін тану және насихаттау, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ету қоғамның дамуы үшін аса маңызды. Елбасы «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды және өлкенің жүз тұлғасының еліне сіңірген еңбегін зерттеуді ұсынды. Ұлт көшбасшысы: «Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» (<http://www.inform.kz>) – деп атап көрсетті.

Архив қорларында Ұлы Даланың Ұлы есіміне лайық тұлғалардың ғұмыры мен қызметін айғақтайтын дәйектер сақтаулы. Дегенмен олардың бірі туралы жиі айтылса, екіншілері жөнінде айтыла да, жазыла да бермейді. Архивтердегі жеке қорлар құжаттары тек дербес тұлға туралы ғана емес мемлекет пен қоғамның дамуы туралы құнды мәліметтер беретін дерек көздері болып табылады. Сондықтан олар

басқа архив құжаттарына қарағанда өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді.

Заманауи тарих ғылымында тарихтағы адам мәселесі, оның ішкі дүниесі, тарихи оқиғаларды қабылдау мәселесіне баса назар аударылады. Тарихтағы мұндай әдіс тарихи деректер кешенін кенейтіп, тарихты жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді, XX-XXI ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыдан жаңаша зерттеуге жол ашады. Зерттеу шеңберіне жеке текті деректерінің үлкен мөлшері енгізіледі (күнделіктер, естеліктер, хаттар), оларда белгілі тарихи кезеңі адамдарының рухани өмірі, қоғамдық сана сезімі, ойлары, сезімі, көңілдері бейнеленеді. Сондай деректерді ҚР Алматы қаласы мемлекеттік архивіндегі Ғұсман Елеуұлы Жандыбаевтың қорынан табуға болады. Қор құжаттарын талдау Ғ. Жандыбаевтың өмірі мен қызметін көрсетіп қана қоймады, қор құрушының болмысын, өзіндік ұстанымдарын, дербес пікірлерін тануға жол ашады. Ғаламтор сайттары ([https://adebiportal.kz.kz/authors.view/1002](https://adebiportal.kz.kz/authors/view/1002)) мен бірлі-жарым энциклопедияда (Қазақ әдебиеті энциклопедиясы: 1999: 249) қысқаша мәліметтер келтірілгені болмаса Ғ. Жандыбаевтың өмірі мен қызметі бойынша зерттеулер жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алғанда жеке архив қорын талдау тарихи және деректанулық, архивтанулық тұрғыда маңызды болып саналады.

Жеке қорды зерттеудің методологиялық ұстанымдары

Зерттеу жүргізудің негізі болып деректану мәселелерін дамытуды зерделейтін заманауи идеялар мен ғылыми тұжырымдамалар табылды. Заманауи тарихи деректануда жеке тектік құжаттарға методологиялық тұрғыдан қарау үш бағытта жүзеге асырылады: ақпараттық,

коммуникативтік және биографиялық. Олар жеке адамдық деректердің мынадай мәселелерін қарастырады. Жеке тектік құжаттарға анықтамалық тұрғыдан қарау бұл деректерді өткен уақыттың тарихи мәлімет тасымалдаушысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ол жазбаша түрде өткен тарихи кезеңді бейнелейді. Анықтамалық тұрғыдан қарау шеңберінде ақпараттану үдерісі және ақпаратты кодтау тәсілі маңызды ролді атқарады. Коммуникативті тұрғыдан қарау жеке тектік құжаттарға, адамға жеке тұлға ретінде қараумен байланысты. Оның мәні тұлғаның сол уақытта қоғаммен өзін қалай байланыстырғанына қатысты. Яғни, экзистенциальді, адамның әлеуметтік-мәдени ортамен, замандастарымен, белгілі бір топпен байланысын түсінуі және эволюциялық, тарихи уақыт өтуімен адамның, өзін өткен және болашақ ұрпақпен байланыстыруы. Биографиялық, яғни өмірбаяндық тұрғыдан қарау жеке тектік құжаттармен тікелей байланысты және жеке адамның өмірбаянын, өмір жолын оның еңбегін зерттеумен тікелей байланысты, себебі ол жерден алынған ақпаратты талдау кезінде маңызды ролді атқарады. Сонымен қатар жеке қор құжаттарын зерттеудің методологиялық негізіне деректерді адамның, тұлғаның өзіндік шығарамашылық әлеуетін және ақпараттық қорын материалдық түрде іске асыратын, мәдени нысан ретінде зерттейтін феноменологиялық тұжырымдама алынды, өйткені ол архив қорларындағы жеке тұлғаның болмысын, көзқарастарын, өзіндік ұстанымдарын көрсетуге септеседі. Ғылыми логикалық, классификациялық, контент-талдау, факторлы талдау, мәтіндік талдау және жүйелеу және сыныптау, салыстыру, сынау, таңдаулы синхронды және диахронды, отандық және шет елдік ғалымдардың деректанудың теориясы мен методологиясы бойынша жарияланған еңбектерінде негізделген өзге де әдістер қолданылды. Тарихи деректерді өткен кезең туралы мәліметтерді тасушы ретінде, ондағы объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, тарихи фактінің шынайылығын анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері қоса пайдаланылды.

Жеке архив қорының құрылуы және құрамы

1994 жылы Алматы қаласы мемлекеттік архивінде ең алғашқы жеке қорлар құрыла бастады. Жиырма жылдан астам уақыт бойы архивтің

қорлары жеке тектік құжаттармен толықтырылып келеді. Қазіргі кезеңде жеке архив қорларының саны тоқсанға жуық, сақтау бірліктері бес мыңнан асады. Олар тақырыптық және хронологиялық жағынан өте кең. Жазушылардың, ақындардың, суретшілердің жеке қорлары Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен, тарихшылармен, өлкетанушылармен, қалалар мен республиканың құрметті азаматтарының қорларымен көршілес (Жамханова К.А. Методическое и правовое обеспечение деятельности архивной службы Алматы в вопросах комплектования архивных учреждений документами личного происхождения. 2009:24-25).

1996 жылдың сәуірінен бастап архивке Жетісу өңірінен шыққан көрнекті ақындардың бірі Ғұсман Елеуұлы Жандыбаевтың жеке қор құжаттары түсе бастады. Бұдан кейінгі уақыттарда қор бірнеше толықтыруларды бастап кешті. Алайда кейбір құжаттары жабық түрде сақталды. Қор құрушының құжаттары өмірбаяндық, Ғ. Жандыбаев туралы айтылған пікірлер, оның жарық көрген жыр жинақтары, аудармалары, мақалалары, жарияланбаған еңбектері, қолжазбаларға жазылған редакторлық пікірлері және фотосуреттер деген бөлімдерге бөлінді. Өмірбаянына байланысты құжаттар бөліміне Талдықорған облысының «Жетісу» энциклопедиясына арнап 1995 жылы жазылған өмірбаяны, отбасы, үй-жайы туралы мәліметтер, еңбек жолы, білімі туралы мәліметтер, 1978 жылы КСРО Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданғандығы туралы құжаттар, құрмет грамоталары, 1971 жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп жатқан кезінде толтырған сауалнамасы, хаттар, балалары Сая мен Алмастың өлеңдері, мақалалары, қолжазбалары және қор құрушы қатысқан поэзия байқаулары туралы деректер топтастырылған» (288-к. 1-тізімдеме). Осы бөлімнің мазмұнына сәйкес өмірбаянына қысқаша тоқталатын болсақ, Ғұсман Елеуұлы 1944 жылы 25 наурызда Қытай Халық Республикасының Тарбағатай аймағына қарасты Шағантоғай ауданында дүниеге келген. 1950 жылдардың соңында ҚХР-мен арадағы келісімдерге сәйкес қазақ диаспорасының өкілдеріне этникалық отанына қайтуға рұқсат берілген тұста ата-анасы және туысқандарымен бірге елге оралған. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1962 жылдан бастап Талдықорған облысы Алакөл ауданының «Коммунизм» кеңшарында еңбек жолын бастады. 1963-1964 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде қызмет ете жүріп, «Алакөл» халық театрының құрылуына

атсалысқан. Аудандағы алғашқы ақындар айтысын ұйымдастырушылардың бірі де Ғұсман Елеуұлы болған. Өзі де айтыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Осыдан бастап облыс деңгейіндегі мәдени шараларға белсене араласты. Ғ. Жандыбаевтың ең алғашқы өлеңі өзінің сұхбатында көрсеткендей, 1961-1962 жылдары Алакөл аудандық «Жаңа өмір» газетінде жарық көрді. Көп ұзамай Сәкен Иманасовтың шағын алғы сөзімен, суретімен бір бет болып тағы шықты. Сосын Қастек Баянбаев екеуі редакцияға жұмысқа шақырып, қастарына алды. 19 жасында «Қазақ әдебиеті» газетінде «Ойлар» деп аталатын он шумақ өлеңі жарық көрді» (288-қ. 1-тізімдеме. 124-іс:6). Тырнақ алды туындылары 1962-1963 жылдары «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Октябрь туы» (қазіргі «Жетісу») тәрізді белді басылымдарда алғашқы жырлары жарияланды. 1965 жылы Мәдениет қызметкерлерінің республикалық кеңесіне делегат болып қатысты. 1966 жылы республикалық жастар поэзиясы байқауына қатысып, оның бас жүлдесін жеңіп алды. Қорда республикалық юридің мүшесі «Құрдастар» творчестволық бірлестігінің бас редакторы С. Масғұтовтың сол жылдың 6 сәуірінде қол қойған хаты тіркелген. Хаттың мазмұны мынадай: «Құрметті Ғұсман! Өлеңдеріңізді алдық. Республикалық конкурста бірінші сыйлықтың иесі болғаныңызды қуанышпен хабарлаймын. Өлеңдеріңіздің біразын биыл шығатын «Жыл құсы» атты жинаққа, енді біреулерін «Жыр жүрегі» деген жинаққа енгізу көзделіп отыр. Алда өзіңіздің жинағыңызды шығаруға да жағдай болып қалар. Ал осы жұмада, яғни 8 апрельде республикалық конкурстың жеңімпаздары жайы болатын хабарға қатынасу үшін студиямызға келіңіз. Адресіміз: Алматы, Мир көшесі «175» үй, қазақ телевизиясының «Құрдастар» творчестволық бірлестігі. Телефон: 9-97-02. Егер жұма күні үлгере алмасаңыз, сембі күні жетуге тырысыңыз» (288-қ. 1-тізімдеме. 7-іс:3). Қорда жас ақынның дарынын, оның әдебиетке деген құштарлығын, ұшқыр ойларын шынайы бағалаған республикаға белгілі ақын Әбу Сәрсенбаевтың хаты тіркелген. Хаттан үлкеннің кішіге деген ілтипатынан өзге, әкелік қамқорлықты, дарын иесіне деген қолдауды, ақынның математика пәнінің мұғалімі екендігін анық көруге болады. Енді сол хаттың мазмұнына көз жүгертелік: «Ғұсман ұлым, саумысың? Сенің мені сырттай білуің мүмкін. Ал сенің есіміңді мен бүгін алғашқы рет сараптау комиссиясының мәжілісінде ғана

естідім. Мен ғана емес комиссия мүшелерінің бәрі де тұңғыш рет танысты. Көк дәптердегі өлеңдеріңді сүйсіне оқыдық. Біз әдебиетіміздің алыстан елес берген, келешекте сәулесін мол түсіретіндігінен үміт күттірер жұлдыздарының бірі санап, көкірегімізді қуанышқа толтырдық. Қуанысып қана қойғанымыз жоқ, сенің фәлсәфәлық жырларыңа бірінші бәйге беруді ұйғардық. Құттықтаймын ұлым. Әдетте есеп пәнінің адамдары әдебиетке үйір болмаушы еді. Ал сенің өлеңдерің бұл ұғымды жоққа шығарды. Біз әрбір жолдарыңнан жаңа леп сезініп, фәлсәфәлық толғаныс, тың теңеулер тауып отырдық. Өлеңдеріңді «Лениншіл жас» газетінде жариялау туралы тоқтамға келдік» (288-қ. 1-тізімдеме. 7-іс:4). Қорда сонымен қатар жас поэзияның республикалық фестивалі жюриінің председатели Мұзафар Әлімбаевтың «Лениншіл жас» газетінің бетінде жарияланған «Бұлар Москваға барады» деген мақаласы бар. Мақалада «жас поэзияның ВЛКСМ ХУ съезіне арналған республикалық фестивалі көптеген жас таланатты жұртшылыққа танытты. Облыстағы фестивалда ондаған жас талапкерлер өнер бәйгесіне түсті. Бір ғана Алматы облыстық комсомол комитетіне 70 шақты қолжазба келді. Жас авторлардың шығармалары тақырыбы мен жанры тұрғысынан әр алуан. .. республикалық фестивалда қырық ақынның ішінен бес ақын бәйге алды. Бірінші жүлдегер – Ғұсман Жандыбаев, 22 жаста. Алматы облысы, Алакөл ауданында мұғалім. Оның лирикалық дәптері соны сөзге бай», деп жазылған» (288-қ. 1-тізімдеме. 7-іс:2). Мақала басылған бетте Ғұсманның өлеңдерінен үзінділер берілген. Солардан бірекі шумақ келтірейік.

«.. Достарым, мен ежелден бір беткеймін,
Көрген жоқ еш талантты күндеп тілім.
Алдында шын таланттың бас иемін,
Мен оған міндеттімін.

Достарым, мен ежелден бір беткеймін,
Тұлпарды тасбақаға күндетпеймін.
Кім дархан табиғатқа тартып туса,
Мен соны құрметтеймін» (288-қ. 1-тізімдеме. 7-іс:2).

Ғ. Жандыбаев осы жыр бәйгесінен кейін де бірнеше дүркін поэзия байқауларына қатысып, лауреат атанып, дипломдарды иеленді.

Ақынның алғашқы жыр жинағы «Асыл жандар» деген атаумен 1970 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді.



Ғұсман Елеуұлы. 1970 жыл
(288-қ. 1-тізімдеме. 41-іс:1)

1971 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының математика факультетін бітіргеннен кейін алғашында Талдықорған облысының Алакөл, одан кейін Қапал аудандарының мектептерінде ұстаздық етті. Жетпісінші жылдардың орта шенінде «Алатаудың бөктерінен, үңгір қазып кірсем де, Алматының кептерімен, бірге түнеп жүрсем де...» (288-қ. 1-тізімдеме. 124-іс:6), – деп жазды. Сол кезде ауылдық мектепте мұғалім болып еңбек етті. Анда-санда Алматыға келе қалғанда өзінен кейінгі жастардың жалы күдірейіп жүргенін көрген. Өзі де көшіп келейін десе, баяғы сол

баспана жайы. Сол кезде тіл ұшына оралған жолдар шығар.


Жеке қордың бөлімдері және олардың мазмұны

Бұдан кейін ұстаздық қызметтен редакторлыққа ауысты. Алғашында Қазақ теледидарының әдеби хабарлар редакциясында редактор, одан кейінгі жылдары «Мектеп» баспасында математика және физика редакциясының редакторы, «Жалын» журналының поэзия бөлімінің редакторы болды. 1978 жылы КСРО Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданды.

1992-1993 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағында «Шабыт» баспасының бөлім меңгерушісі, кейіннен «Рауан» баспасында «Мектепке дейінгі тәрбие бөлімінде» меңгеруші болып қызмет атқарды. 1994 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Терісқақпай» жыр жинағы үшін «Матай» корпорациясының І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлығының алғашқы лауреатарының бірі атанды.


Қорда сыйлық үшін Ғ. Жандыбаевқа 2000 АҚШ долларының берілгендігін айғақтайтын «Жас алаш» газетінің бетінде 1995 жылдың 26 сәуірінде басылған «Матай» корпорациясы 1994 жылы жариялаған Ілияс Жансүгіров атындағы бәйгенің қорытындысын шығарды» деген хабарландыру тіркелген (288-қ. 1-тізімдеме. 7-іс:13). Сондай-ақ «Егемен Қазақстан» газеттерінің бетінде жарияланған Қарашаш Әмзекызының «Бәйгеге жүйріктердің бәрі келер» мақаласында сыйлықты тапсыру рәсімі жөнінде айтылған (288-қ. 1-тізімдеме. 7-іс:14).

Қордың екінші бөлімінде Ғ. Жандыбаев туралы М. Мақатаевтың, Ә. Сәрсенбаевтың, М. Әлімбаевтың, Т. Молдағалиевтің, С. Има-



(288-қ. 1-тізімдеме. 118-іс:1)

насовтың пікірлері, баспасөзде жазылған Б. Сабалаевтың, Е. Әукебаевтың, Ә. Дәуренбековтің, Р. Отарбаевтың, Ә. Әлімжановтың, Ш. Мұртазаевтың, М. Нәталиевтің, М. Сатыбалдиевтің, Н. Қазыбековтің, Қ. Жұмағалиевтың, Қ. Ысқақовтың, Ж. Бейсенбаевтың, Д. Кішібековтің мақалалары жинақталған.



Үшінші бөлімінде ақынның жарық көрген жыр жинақтары топтастырылған. Атап айтатын болсақ, «Жылдың жаңа жырлары» (Алматы, «Жазушы», 1966); «Жас дәурен», «Жас ақындар жырлары» (Алматы, «Жазушы», 1967); «Асыл жандар» жеке кітабы (Алматы, «Жазушы», 1970); «Жыр желкені» (Алматы, «Жалын», 1986); «Жұлдызды өмір» (Алматы, «Жалын», 1987); «Өткел» (Алматы, «Жалын», 1989); «Терісқақпай» (Алматы, «Жазушы», 1994); «Жыр тәңірі». Абайдың 150 жылдығына орай шығарылған (Алматы, «Өнер», 1995); «Таңғы шық» (Алматы, «Рауан», 1996). Осы бөлімге жарық көрген аудармалары тіркелді. Мәселен, А. Вознесенскийдің «Ор» поэмасы («Жалын» журналы, 1987, №2. -38-48 беттер). Ғұсман Елеуұлы эстон ақыны Арвий Сийдің, Игорь Ляпиннің, Юрий Ворновтың, Аркадий Каикиннің, вьетнам ақыны Суан Хоанчтың туындыларын аударып, оларды «Жалын» журналының беттерінде 1988 жылы жариялап отырды. Бұл бөлімге ақиық ақынның жарық көрген мақалалары тіркелді.

Төртінші бөлімде түрлі жарияланымдары: жыр жинақтары, аудармалары, пікірлері топтастырылды. Солардың арасында екі бөлімнен

тұратын «Кертолжу» Антиода ерекшеленеді. Одан басқа жарық көрмеген кітаптарының жобасы, «Тас қайрақ», «Ақ теңізден бір тамшы» атты трактаттарына сын пікірлер жинақталған.

Бесінші бөлімге ақынның «Оттан түспеген ойлар» атты пікірлері, толғаулары және «Айтылмаған ақиқат» қолжазбалары тіркелген. Бұл құжаттар қор құрушының өтініші бойынша 2000 жылға дейін жабық түрде сақталды. Аталғандармен қатар оқулықтарға жазылған қорытынды редакторлық пікірлері топтастырылған.

Алтыншы бөлімнен Ғ.Е. Жандыбаевтың әртүрлі уақыттарда түскен фотоларын табуға болады.



Ғұсман Жандыбаев. 1976 жыл

Қорға тіркелген «Қазақ әдебиеті» газетінің беттеріндегі «Сырсарай атты айдармен берілген «Өлең кемесі иірімге батпаса екен..» деген Ғ. Жандыбаевпен сұхбаттың мазмұны зерттеушінің назарын өзіне аудармай қоймайды. Сұхбат «Қоңыртөбел тірлік кешіп, басылымдар мен баспалардың қара жұмысын қара нардай атқарып жүре беретін қаламгерлер болады. Әдеби ортаның шулы да дулы тірлігінен бойын аулақ салып өмір бойы өлеңін өбектеп келе жатқан қазақтың талантты ақындарының бірі – Ғұсман Жандыбаев. Еңбегі еленіп, ескерілуі былай тұрсын, ондаған жыр жинағын оқырманға ұсынған ақынның елу, алпыс жылдық мерейтойлары да, жыр кештері де өтпепті. Біз бүгін Ғұсман

ақынның ғұмырындағы алғашқы сырсыхбатын «Сырсарайға» ұсынып отырмыз» деп басталыпты. Осыны оқығанда «апырай-ай» демейтін адам болмаса керек. Жүрегінің түкпіріне үңілетін, тұла бойынды тебіренетін өлең жазған дарын иесі ескерілмесе, сонда қалай болғаны? Десек те бұл – ақиқат. Оның себебін ақынның қарапайым мінезімен, шындықты айтып шырылдайтын болмысымен, биліктегілердің көзіне түсе бермейтін қасиеттерімен түсіндіруге болатын сияқты. Қоғамда бір беткей, турашыл адамдардың көлеңкеде қалып қала беретіні де шындық.

Осы сұхбатында ақын қазақ әдебиетін әлемге таныту мәселесіне назар аударды. Әдебиетімізді әлемге таныта алмай жатқанымызға өзіміз кінәліміз деп санады. «Әлемге таныту үшін алдымен өзімізді өзіміз танып алуымыз керек. Бұл үшін біліктілік пен қара қылды қақ жарған әділдік, тура бидің жолы керек. Өзіміздің қай жерде жүргенімізді білу үшін алдымен ұлттық, содан соң шет ел, әлем әдебиетінің ең үздік үлгілерін жіліктің майынша шаға білмек ләзім. Ұлттық әдебиет пен шет ел әдебиетінің жетістіктерін салыстыра талдау осы уақытқа дейін бізде жоқ. Сондықтан рухани бесігіміз Алматыда «Әлем әдебиеті және ұлттық әдеби мұра» институты ашылса, қандай жақсы болар еді. Оның оқу жоспары мен бағдарламасына ұлтымыз бен әлемнің арғы-бергі бүкіл інжумаржанынан ештеме қалмауы тиіс.» (288-қ. 1-тізімдеме. 124-іс:6), – деп жазған еді.

Қор құрушының қолжазбалары

Өзіміз тарихшы, тарихнамашы болғандықтан, қордағы Ғұсман Елеуұлының «Хань дәуірі (б.з.б. 206 ж. – 220 ж.)» деген қолжазбасы назар аудартты. «Канондық кітаптарды оқып үйрену ресми түрде мақұлданып, кейінгі ғасырлардағы қытай ақсүйектерінің білім алуының ажырамас бір бөлігі болып енді. Сым Цян (қазіргі тарих ғылымында Сима Цян деп аталады) және Бань Гу еңбектері «Жиырма алты әулеттік тарих» тарихи кітаптарының әлемдегі ірі кітапханасын жасақтаудың бастамасы болды» (288-қ. 1-тізімдеме. 114-іс:1) – деген тұжырымы ресми қытай тарихнамасының сонау ежелгі дәуірде қалыптасқандығына автордың ерекше мән бергендігін дәйектейді. Бұдан әрі ақын «Қытай тарихына қатысты оқиғалар және мәдени жетістігі жазба ескерткіштерден орын алды. Олардың ішінде маңыздысы әрі кеңінен таралғандары – Сым Цяның «Тарихшының жазбалары», Бань Гудің «Хань әулетінің тари-

хы» Фань Енің (Фай Е – автор) «Кейінгі Хань әулетінің тарихы». Өз ісінің білгірлері жазған бұл ірі, көп томдық еңбектер тек Қытай тарихы мен мәдениетіне ғана қатысты емес, сонымен бірге бірқатар көршілес елдер мен халықтар тарихы жөнінде де материалға бай. Ол халықтардың кейбірінің өз жазуы болмағанын ескерсек, қытай деректері олар туралы бірден-бір дерек көздері болып табылады» (288-қ. 1-тізімдеме. 114-іс:2), – деп қытай жазба деректерін сипаттап, оларға баға берген.

Қордың осы бөлімінде Ғ. Елеуұлының «Бабыл патшасы Хаммурапидің заңдары» деген тақырыппен берілген қолжазбасы тіркелген. Қор құрушы заңның тарихы турасында былай деп жазды: «Хаммурапи заңдарын» 1901-1902 жылдары көне Эламның астанасы Суз қаласының орнын қазу барысында, француз археологиялық экспедициясы тапқан. Бүгінде ол Луврда сақтаулы. Бұл заңдар жазылған қара дінгектің жоғарғы жағында өзіне заңдарды тапсырушы Күн мен Әділет құдайы Шамаштың алдында жалбарынып дұға оқып отырған Хаммурапидің бейнесі бар. Дінгектің барлық қалған бөлігі жан-жағынан сына жазуға толы. Мәтін үш бөліктен: пролог, заңның өзі және эпилогтан тұрады. Заң баптары бастабында 282 болғаны байқалады, алайда Сузда табылған дінгекте тек 247 бап қана бар; дінгектің көрінетін жағына жазылған 35 бапты Сузды басып алған кезде Элам патшасы оның орнына өзінің жеңістері туралы жазуды ойлап, өшірткен секілді. Өшіп қалған баптар Сузда және басқа орындарда, әсіресе атақты Ашшур-банапал кітапханасында табылған, саз балшық-кестелердің үзінділері негізінде ішінара қалпына келтірілген» (288-қ. 1-тізімдеме. 113-іс: 78-79). Қолжазба авторының заң ерекшеліктері жөнінде жазғандары жас тарихшылар үшін қызықты екені хақ. «Хаммурапи заңдарының» бізге жеткен түпнұсқа мәтінінде тыныс белгілері де, жол нөмірлері де жоқ, азат жолдарға немесе нөмірленген параграфтарға (баптарға) бөлінбеген. Мұның бәрін қазіргі ғалымдар енгізген және әр түрлі басылымдарында аздаған өзгешеліктер де болуы мүмкін» (288-қ. 1-тізімдеме. 113-іс: 78). Бір таңқаларлығы, Ғ. Елеуұлы 6-баптан бастап, барлығын жүйелеп, түрлерге бөліп көрсеткен. «№6-25 – патша меншігін, храмдар мен қауымдастықтар меншігін қорғау; №42-88 – жылжымайтын мүліктер және оларға қарсы заң бұзушылықтармен жасалатын операциялар; №89-126 – сауда және коммерциялық операциялар, сондай-ақ бұл саладағы заң бұзушылықтар;

№127-195 – отбасы құқығы және осыған қатысты заң бұзушылықтар; №196-214 – жеке тұлғаға қарсы қылмыс; №215-282 – жылжымалы мүліктермен және жалдамалы жұмыс күшімен жасалатын операциялар (288-қ. 1-тізімдеме. 113-іс: 79). Ақын аударманы оның орыс тілінде жарық көрген нұсқасы бойынша жасады. Сол аудармадан мысал келтірейік. «6-параграф. Егер адам құдайдың немесе сарайдың мүлкін ұрласа, бұл адам өлтірілуі тиіс, оның қолынан ұрланған затты алған адам да өлтірілуі тиіс». Аударма құлаққа жағымды, оның тілі жатық, мағынасы түсінікті.

Біз талдап отырған қордың төртінші бөліміндегі құжаттар өзіндік мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл бөлімде «Оттан түспеген ойлар» және «Айтылмайтын ақиқаттар» трактаттарының қолжазбалары жинақталған. Атаулары кез келген адамды елең еткізеді хақ. Ал мазмұны жағынан күнделікке ұқсас. Ақынның өз сөзімен жеткізсек, «Бұл жазбалардың ерекшелігі көрген, білген, естіген оқиғалардың тізбесі емес, ой күнделігі екендігінде. Күнделік авторы философия, психология, социология, педагогика, этика, өнер, әдебиет, тарих және басқа салалар бойынша таным-түсінігін, көзқарасын, пікірін логикалық ойталдау түріндегі тұжырымдар негізінде баяндайды. Күнделік тақырыптық жүйемен емес, хронологиялық ретпен жазылған. Күнделікте кейбір ойлар қайталанған сияқты болып көрінгенімен, олар бірін-бірі басқа қырынан толықтырып, ойды қоюландырып отырады. Керісінше, кейбір пікірлері біріне-бірі қайшы келетін сияқты болып көрінгенімен, зерделеп қараған адамға олардың арасында да бір нәзік байланыстың бар екендігі аңғарылады. Қорыта келгенде, ақынның бұл жазбаларын жеке адамның дүниеге көзқарасының өзіндік бір үлгісі ретінде қарауға болады» (288-қ. 1-тізімдеме. 238-іс: 3).

Ақынның «Айтылмаған ақиқаты»

Ғұсман Жандыбаев трактатының «Оттан түспеген ойлар» деп аталуын былай түсіндіреді: «Оттан түспеген ойлар» – қазанда бұрқ-сарқ қайнап тұрған құрт секілді салқындап сабасына түспеген ыстық қалпында қағаз бетіне қотара салған ойлар. Сондықтан оны әркім өзінің көңіл қазынасымен бағамдап, бағалауы заңды. Оттан түспеген ойлар – пештен жаңа суырып алған нанға ұқсайды: біріншіден, ыстық нан ауыз күйдіреді, екіншіден, ыстықтай, бөлінген нан «шикі» болып қалуы мүмкін. Өз кезегінде

айтылған шындық та дәл сондай: көп адамға ұнамайды – біреудің қолын, біреудің аузын, біреудің өңешін күйдіреді, үшіншіден, өз кезінде (дер уағында) айтылған шындық «өтірік» (немесе жала) деген атқа ие болады. Шындық уақытында айтылса – не шындық өледі, не оны айтқан өледі. Шындықты сақтау үшін – оны қысқа сақтаған алма секілді, қағазға орап (жасырып) қою керек» (288-қ. 1-тізімдеме. 238-іс:3). Ойкүнделігі мен трактаттарының 2000 жылға дейін жабық түрде сақталуының сырын осылардан анық көруге болады. Оларда тек шындық қана айтылады. Оны автордың өзі де жасырмайды. «Айтылмаған ақиқаттарын» жариялау үшін емес, архив үшін жазғанын да жасырмайды. Бәлкім, күндердің күнінде біреу болмасын біреу оқитын болар, болашақта бір кәдеге асатын шығар деген үмітін қағаз беттеріне түсірген. «Жинақталмаған, жүйеленбеген, жоспарланбаған, әдебиленбеген, ғылымиленбаған, маскіленбеген – табиғи ой-пікірлер. .. Осы және бұл тектес барлық басқа жазбалардың бірде-бірінде нақты дәлел, факт, аргумент жоқ. Бұл жазбалар – логикалық анализдер (ой толғаулар). Мыңдаған, жүз мыңдаған жеке фактілермен расталатын жалпыланған тұжырымдар. Кейбір бірен-саран фактілер бұл тұжырымдарды «жоққа» шығаруы мүмкін екеніне қарамастан, бұлар – ақиқат пікірлер. 51% дауыспен президент болатын қоғамда 70%-дың өзі өте жоғары көрсеткіш. Ал бұл тұжырымдардың ақиқаттығы одан әлдеқайда жоғары» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:3), – деген осының дәлелі. Ақын айтылмайтын ақиқаттың мағынасын «Адам ақиқатты ақиқат үшін танып білмейді, өзі үшін танып біледі. Сондықтан «айтылмайтын ақиқат» деген тіркестің өзі – өте-мөте шартты ұғым. Бұл – адамдардың өздері ойлап тапқан сөз тіркесі. Шартты түрде, «айтылмайтын ақиқат» дегеніміз адамдар бірінен-бірі жасыратын ақиқат. Олар (адамдар) бұл (айтылмайтын) ақиқатты айтуға (бірінен-бірі, қоғамнан, патшалардан, бастықтардан, т.б.) именеді, қорқады, сескенеді, сақтанады, т.с.с. Кезі (кезегі) келгенде бұл да айтылмай қалмайды (қорқыныш сейіледі, сақтық мәнін жояды, патша ауысады, заман, көзқарас өзгереді т.с.с.). Сондықтан белгілі бір кезең (ұрпақ) үшін «айтылмайтын» ақиқат – келешек басқа кезең (ұрпақ) үшін айтылатын ақиқатқа айналады. Мұның бәрі ақиқаттың айтылатын және айтылмайтын болып бөлінетіндігінен емес (жалпы мұндай бөлік те жоқ), кейбір ақиқаттарды айтуға адамдардың аузына қақпақ қойылуынан (ресми және ресми емес цензураның, түрлі мотивтегі шектеулердің

болуынан) болады» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:55), – деп ашқан.

Ақынның философиялық ойтолғауларының астарында талай мән бар. Мәселен, соғыс турасында жазған ойы қазіргі уақыттағы Сирия сияқты елдің ахуалын көз алдына әкеледі. Егер Шам елінде соғыс болмаса ол ілгері дамиды еді. Даму бар жерде тіршіліктің болатындығы хақ. Ғ. Елеуұлы осыны меңзеді. «Адамзаттың дамуына – алға басу тән. Адамзаттың барша қоғамы уақыт өтуімен, өз дәрежесі мен мүмкіндігінде алға басып отырады. Бұл алға басудың қарқынын тежейтін екі себеп бар: 1) Психологиялық артқа қалушылық (жеке адамдар, қоғам мүшелері турасында).

2) Идеологиялық алауыздық (қоғамдар мен топтар арасында).

Ал бұл прогресті шұғыл кері кетіретін, құлдырататын себеп, апатты себеп біреу: ол – соғыс. Көзге ұрып тұрмағанымен, соғыстың себепкері де солар – психологиялық мешеулік пен идеологиялық алауыздық. Соғыс фактісі – жеке адамдар санасындағы өркөкірек өзімшілдік пен көзсіз мағынасыз пайдақұмарлықтың қоғамдық сана, мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілген көрінісі» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:18). Сонау 1979 жылы жазылған ойтолғау болса да тап қазіргі заманға қаратып айтылған тәрізді. Сириядағы діни алауыздық, соның айналасындағы АҚШ, Ресей, Түркия сияқты елдердің мүддесі автордың ойларымен астасып тұр.

«Әртіс қайраткерлер мен әртіс белсенділер туралы» деп аталатын тараушасындағы мына бір жазбалары зерделі оқырманға ой салары даусыз. Айтылатын мәселе әртістерге емес, «әртістік» көрсететін пысықайларға қатысты. «Олар қоғамдағы халыққа, елге, отанға, зиян етіп отырған жағдайларды айтып, «жақсы көрінеді», сол зиянның көптеген «тиіп-қашты» себептерін де айтқан болады, бірақ соның бәрінің түпкі себебін (қозғаушы күшін, рух, дем берушісін, қорғаушысын, баспанасын) айтпай қалады. Мәселен, кішкентай ауылға барып келген әлгі «қайраткер» ол ауылдағы барлық сорақылықты тізіп шығады, жаны ашығандай, күйінгендей болады, бірақ сол ауылдың басшысын жеркөкке сыйғызбай мақтай жөнеледі. *Сұрақ*: сонда әлгі сорақылықтардың бұл мақталған басшыға қатысы жоқ па? Бұл сұрақ жауапсыз қалады. Дәл осындай «қайраткерлік» аудандық, облыстық, ақырында мемлекеттік деңгейде айна-қатесіз қайталанып жатады. Неге? Бұған сұрақ қоюшы да жоқ, жауап беруші де жоқ. Ақиқат та белгілі, оның жауабы да айқын, бірақ айтылмайды, бей-

не бір осы ақиқаттың «айтылатын» мерзімін (уақытын) үнсіз күтіп отырғандаймыз» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:55).

Осы бөлімнің «Ой орамынан» деп аталатын тараушасында Ғ. Елеуұлы қазақ элитасының бөлшектенуі жөнінде пікір жазды. Жас тарихшыларға ой салатын пікір екендігі даусыз. Айта кетер жайт, жазылған пікір субъективті болуы да мүмкін, тіпті кейбір оқырмандар тілшінің тарихта несі бар, біреудің «бақшасына» түспей жайына отырмай ма деп налуы да ғажап емес. Дегенмен тарихқа балама көзқарастың қажет екендігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Оның үстіне өткенге қазіргі күннің көзімен қарамай өз заманының, кезеңінің ерекшеліктерін ескеру арқылы зерттеу қажет деген ұстанымды басшылыққа алуды еске түсіреді. Ойшыл ақын: «20-жылдары қазақ зиялылары неге екіге жарылды? Бұл жерде, мысалы, «алашордашыларды» ақтап, Сейфуллиндерді оны түсінбеді деп кінәлаумен толық жауап беріп құтыла аламыз ба? неге айталық, Сейфуллин оларды жақтамады? Тек таптық көзқарасы үшін ғана ма? Әлде жеке бас араздықтан ғана ма? Бұлар да бар, әрине. Менше, бұдан басқа себептері бар. Сәкен секілді кейбір (көптеген) зиялылар бірсыпыра алашорда атын жамылған қайраткерлердің менмендік, төрешілдік мінезінен секем алған шығар. Сөйтіп, оларға сенімі азайған шығар. Ал қарапайым халық алашордашылардың байшонжарларға бейім екенін байқап, іш жиды ма деймін. Сол алаш қайраткерлері халықтың орта, төменгі топтарына өз ұлдарындай жақындықпен араласып кете алмады ма деймін. Солардың бәрі емес, бірталайының бойындағы шонжарлық психология (содан туатын нақты әрекеттер) халықты шошытып, үркітіп алған жоқ па?» – деп жазды. Осы турасында отандық тарих ғылымында қандай тұжырымдар бар деген заңды сауал туындайды. Басқасын айтпағанның өзінде академик С. Зимановтың «қазақ элитасы мен қара халықтың арасы алшақ болды. Зиялылар еуропаша оқыған, мәдениетті, идеялары өз заманынан озық еді» деген тұжырымын келтірсек те жеткілікті.

Дегенмен Ғ. Жандыбаев жай ғана жазбады, келешекке ой сала жазды. Оған мына бір пікірлері дәлел: «Қазіргі кейбір жалған патриот қайраткерлердің қылықтары мені осындай ойға итермелейді. Бұлардың кейбірі (әлде көбі ме?) халық атын жамылып, қара басын күйттеп жүрген жоқ па? Олардың теңі де – қара халықтан гөрі, бай-бағлан секілді-ау өзі. Әрине, Алашорданың мақсатына жетпеуінің себебі бұл емес, басқа. Оны Кеңестік машина талқандады.

Себеп осы. Дегенмен ұлт зиялыларының біріне-бірі бір үйдің балаларындай іш тартып, жылылық көрсете алмағаны өкінішті-ақ. Бұл үшін тек бір жақты ғана (мысалы, Сәкендерді) кінәлау әділдік болмайды» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:58).

Әл-Фараби жазып кеткендей, адамдар әділ заң үстемдік еткен қайырымды қалада тұрғылары келеді, сонда ғана өздерін бақытты сезінеді. Ал біз қандай қоғамда өмір сүргіміз келеді? Ыдыраған социалистік қоғамда ма, әлде ақша басты құндылыққа айналған нарықтық қатынастар орнаған қоғамда ма? Ғұсман Елеуұлы осы сауалға жауап табуға ұмтылды. Осы орайда оның пікірлері қайталанбас әрі ақиқатқа негізделген. Енді соған көз жүгіртейік: «Қоғамды «социализм», «капитализм» деп бөлудің өзі жасанды нәрсе секілді. Халыққа қоғамның қалай аталғаны (аты) емес, қандай қоғам екені (заты) керек. Шынында, екі түрлі қоғамның да жақсы, жаман жақтары бар. Мысалы, социализмнің жақсысы – гуманизм. Жаманы – теңгермешілік, формализм, т.б. жеке меншікті қоғамның жаманы – шын мәнінде, егер адамның ақшасы болмаса, оның өлуден басқаға құқы жоқ (айталық, өмірі, тағдыры ақшаға тірелетін жағдайларда).. Бұл қоғамның жақсысы: тек өз өмірі үшін өзі күресетіндіктен, жан үшін жанталасып еңбек етеді, адамды өзі емес, ісі қорғайды» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:64).

Ғұсман Елеуұлының қазіргі уақытта жиі жүргізілетін реформалар турасындағы пікірі де көкейге қонымды. «Реформа реформа үшін емес, мемлекет үшін де емес, халық үшін, сондықтан реформаның девизи – оның мақсаты мен идеясы емес, қалай жүзеге асқаны, нәтижесі болуы керек. Ең дұрысы: реформаны қатты сынап, жуан үзілетіндей шұғыл түрде емес, кезеңдеп, біртіндеп, «білдіртпей» жасау» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:110) – деген сөздері реформашыл біздерге ой салады. Реформаның біреуі аяқталмай, нәтижелі болмай, екіншісін бастаудың қажеті жоқ дегенді қадап айтады. Посткеңестік кезеңде ең көп реформаны бастан кешкен білім беру саласы екендігі белгілі, алайда сол реформалардың көпшілігінің нәтижесі болмады. Себебі олардың барлығы дерлік ешбір дайындықсыз, мәні мен механизмдері терең ойластырылмай басталып жатты.

1990 жылдары Қазақстанда аяқ астынан университеттер мен академиялар саңырауқұлақтай қаптап кетті. Бұның да – «қолдан» жасалған «реформа» болғандығы баршаға аян. Қазіргі уақытта соларды біріктіріп, ірілендіру қажеттілігі күн тәртібіне шықты. Ғ. Жандыбаевтың қор

құжаттарының арасынан осыған байланысты мынадай жазбаларын кездестірдік. Қолжазба авторы орын алған жағдайды былайша өткір сынады: «Бұған дейін Қазақстанда 50-дей институт, 2-3 ғана университет бар еді, бірақ олар өз шәкірттеріне 70-80% нақты (шынайы) білім беретін еді, соншама жарамды маман дайындап шығаратын еді. Қазір бәрі академия, бәрі университет. Енді тіпті әрбір үй өзінің көше жаққа қараған бір бөлмесінен есік шығарып, «дүкен» ашқан секілді, дәл солайша, сондай жолмен әрбір үй өз «университеті» мен өз академиясын ашып алатын «халге» жетті. Бірақ бұлар лайықты білім бермейді, ақшаға диплом үлестіріп қана береді. Нәтижесінде халық наданданды, маман – маман емес, жалған диплом иесі болады. Әлде бізге керегі осы ма еді?» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:137).

Айта кетерлік жайт, қор құрушы қолжазбаларын түрлі тақырыптар мен мәселелерге арнаған. Оларда саясат, экономика, әлеуметтік жағдай, мәдениет, психология және т.б. саласына қатысты терең ой толғаулары, сыни көзқарастары, ұтқыр ойлары көрініс тапқан. Олар өте көп, компьютерге терілген, көлемі төрт жүз беттен асады. Сондай пікірлерінің бірі – оппозиция туралы. «Қазақстанда оппозиция деп аталатындар аз емес. Алайда, халық өз сенімін ақтамаған билеуші режимнен қанша құтылғысы келсе де, кім болса да, әйтеуір бір өзгеріс болса екен деп ойласа да, бәрібір әлгі оппозицияшылдарға да сенбейді. Себебі: осы оппозицияның бәрі билеуші режимді бір ауыздан жамандайды (ал мұны халық өзі де көріп-біліп отыр), бірақ өздері мемлекет басына келсе, қандай өмір болатыны жөнінде ауыз ашпайды. Ал бұл күдік тудырады. Олар мына режимді жамандағаннан басқа, халыққа ешқандай уәде беріп отырған жоқ, бағдарламаларын ұсынбайды..» (288-қ.1-тізімдеме. 238-іс:137), – деп республикадағы оппозицияның әрекетіне баға берді.

Сонымен қатар қорда ақынның ой күнделіктеріндегі заманауи мәселелер туралы жазған пікірлері өзекті болып саналады. Мәселен, «Тағы да той өткізу туралы» деген қолжазбасы қазіргі уақыттағы даңғойлық, ысырапшылдық, мақтаншақтық тәрізді келеңсіз жайттардан арылу қажеттілігін еске салады. Тұрмыста жиі кездесетін той өткізуден ақынның жазғандарынан тәлім алармыз деген оймен қордағы мына бір қолжазбасынан үзінді келтіруді жөн санадық. «Қазақтың тойы – жиналыс, өзбектің тойы – би-жарыс» депті. Өзбектің тойын көрген жоқпыз.

Бірақ қазақтың тойы жиналыс екені шындық. Той өткізудің бұл формасы жалықтырғаны сонша, тіпті өте анайы, көңілсіз болып көрінеді. Бір тойда 100 адам сөйлесе (әрқайсысына 2-3 минуттан), бәрінің айтатыны бір ғана сөз: сол баяғы «құтты болсын!». Оның есесіне той уақытының жартысына жуығы «құтты болсынды» 100 рет қайталаумен өтеді. Үйлену тойы болса, «беташарды» жарты сағатқа созады. .. Тойдың алуан түрлі жобасын ойлап табуға болады. Ол жиналысқа да, концертке де ұқсамай көңілді демалыс болғаны жөн. Бүгінгі тойлар әрі ұлттық, әрі заманауилық болса, құба құп», – деген ақынның пікірі шынайы, қазіргі уақыттағы тойларды дәл сипаттайды.

Өзіндік «сөздігі»

Ғ.Е. Жандыбаевтың жеке қорындағы «Айтылмаған ақиқатында» қор құрушының пікірлерінен өзге бірқатар теңеулері мен өзіндік мәтелдері бар. Автор оларға «Нарық портреттері» деген атау беріпті. Солардың кейбіреуін келтіруді жөн көрдік.

«Коррупция дегеніміз – мемлекеттің халыққа беруге уәде еткен заң кепілдігін жеке адамдардың жеке адамдарға сатып беруі».

«Жарнама – маған өтірік, саған шын» (288-қ.1-тізімдеме. 237-іс:1).

«Наданнан батыр шықса – білімсізден пақыр шығады».

«Қу құлқынның тесігі – коррупцияның есігі».

«Ұлы болсаң – баймын деме, ұры болсаң – кедеймін деме».

«Таймен – тай жарысар, баймен – бай жарысар».

«Жұдырықпен бірді жығар, байлықпен мыңды жығар».

«Қарызды бергеніңе – рахмет, қайтарып алғаныңа – лағынет».

«Қасқырдан – күзет, доңыздан – ізет» (288-қ.1-тізімдеме. 235-іс:20).

«Саясат – патшалар мен аксүйектердің қоғамды, халықты басқару құралы».

«Философия – саясаттың идеологиялық негізі, қайнар көзі, қаруы».

Қорытынды

Осылайша Қазақстан Республикасы Алматы қаласы мемлекеттік архивіндегі танымал ақын, аудармашы, көсем сөздің шебері Ғұсман Елеуұлы Жандыбаевтың жеке қоры сипатталып, құжаттарына талдау жасалды. Қор өте бай әрі оның құжаттары бойларына мол әрі құнды фактілерді сақтаған. Ақынның өмір жолы мен қызметіне қатысты құжаттар өздерінің мазмұнының эралуандылығымен, тереңдігімен ерекшеленді. Құжаттардың тарихи дерек ретінде жастарды отансүйгіштікке, елжандылыққа, еңбекқорлыққа, адалдыққа және тағы басқа қасиеттерге тәрбиелеудегі маңызы зор. Олардың жаңа форматтағы Қазақстан тарихын дайындауда деректер болып табылатындығы ешбір дау тудырмайды. Тарихи деректерді талдап, ғылыми айналымға түсіру зерттеушілердің еншісінде. Шынайы тарих жазғымыз келсе, объективті деректерді пайдаланғанымыз абзал.

Мақала АР 05134617 Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде (XX ғ. – XXI ғ. басы) тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер

Елбасының «Рухани жаңғыру – болшаққа бағдар» мақаласы. 2017. URL: <http://www.inform.kz>. (қаралған күні: 19.05.2018).

Жандыбаев Ғ. 2017. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1002> (қаралған күні: 23.05.2019).

Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ ұлттық энциклопедиясы» баспасы, 1999.

Жамханова К.А. Методическое и правовое обеспечение деятельности архивной службы Алматы в вопросах комплектования архивных учреждений документами личного происхождения. Мұрағат және қоғам: мәдени мұраны сақтаудағы өзара әрекеттестік (ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары). Алматы, 2009. 24-28 бб.

Алматы қаласының мемлекеттік архиві. – №288-қор. Ғұсман Елеу Жандыбаев (25.03.1944) ақын, аудармашы, республикалық поэзия конкурстарының лауреаты, КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, КСРО Әдебиет қорының мүшесі, І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлығының лауреаты.

Алматы қаласы Мемлекеттік Архиві (бұдан әрі АҚМА). 288-қ. – 1-тізімдеме. 124-іс. Баспасөз беттеріндегі Ғ. Жандыбаев туралы мақалалар.

АҚМА 288 –қ. – 1-тізімдеме. 7-іс. Қор иесі қатысқан поэзия конкурстары туралы деректер. – 14 п.

АҚМА. – 288 –қ. – 1-тізімдеме. 41-іс. Қор иесінің әртүрлі уақыттарда түскен фотолары. – 12 п.

АҚМА. – 288 –қ. – 1-тізімдеме. 118-іс. Қор иесінің өмірбаянына байланысты құжаттар.

АҚМА – 288 –қ. – 1-тізімдеме. 114-іс. Ғ. Жандыбаевтың қолжазбалары мен еңбектері.

АҚМА – 288 –қ. – 1-тізімдеме. 113-іс. Ғ. Жандыбаевтың қолжазбалары мен еңбектері.

АҚМА – 288 –қ. – 1-тізімдеме. 238-іс. Айтылмаған ақиқаттар. 13 том. 5-ші кітап (Ой күнделігі). Трактаттар. Жылы белгісіз. – 306 п.

АҚМА – 288 –қ. – 1-тізімдеме. 113-іс. Ғ. Жандыбаевтың қолжазбалары мен еңбектері.

АҚМА – 288 –қ. – 1-тізімдеме. – 237-іс. Нарық портреттері (Нарық нақыштар). – 70 п.

АҚМА – 288 –қ. – 1-тізімдеме. – 235-іс. Оттан түспеген ойлар (Ой күнделігінен). 2013 ж.

References

Elbasynyn «Ruhani jangyru–bolashaqq bagdar» maqalasy: [Elbasynyn is a spiritual warrior]. 2017. URL: <http://www.inform.kz>. (Date: 19.05.2018).

Jandybaev G. 2017. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1002>(qaralghan (Date: 23.05. 2019).

Qazaq adebieti. Ensiklopedia. [Kazakh literature. Encyclopedia] Almaty: «Qazaqyltyq ensiklopediasy» baspasy, 1999.

Jamhanova K.A. Metodicheskoe i pravovoe obespechenie deyatelnosti arhivnoy slujby Almaty v voprosah komplektovania arhivnyh uchrejdeniy dokumentami lichnogo proishojdenia .Muragat jane qogam: madeni murany saqtaudagy ozara arekettetik (gylymy–tajirbielik konferesia materildary) [Methodological and legal support for the activities of the archival service of Almaty in matters of completing archival institutions with documents of personal origin]. Almaty, 2009. 24-28 bb.

State Archive of Almaty (SAA). – №288 – qor. Gusman Eleu Jandybaev (25.03.1944) aqyn, audarmashy, respublikalyq poezia konqurstarynyn laureaty, KSRO jane Qazaqstan Jazushylar Odagynynmyshesi, KSRO Adebiet qorynyn myshesi, I. Jansygirov atyndaqy adebi suylygynyn laureaty [Gusman Zhandybaev – poet, writer, laureate of republican poetry contests, member of the Union of Writers of the USSR and the Kazakh SSR. State Archive of Almaty].

State Archive of Almaty. Fund 288. Inventory 1. case124.

SAA. F. 288. – inventory 1. – case 7. Qor iesi qatysqan poeziakonkurstary turaly derekter [] . – 14p.

SAA. F. 288. inventory 1. – case 1. Qor iesinynartyrli uaqyttarda tysken fotolary. 12p.

SAA. F. 288. inventory 1. – case 118. Qor iesinyn omirbayanyna baulanysty qyjattar [Biography Documents].

SAA. F.288. inventory 1. – case 114-is. G. Jandybaevtyн qoljazbalary men enbekteri [Manuscripts and works of S. Zhandybaev].

SAA. F.288. inventory 1. – case 113-is. G. Jandybaevtyн qoljazbalary menenbekteri [Manuscripts and works of S. Zhandybaev].

SAA. F. 288. inventory 1. – case 238. Aytylmagan aqiqattar. 13 том. 5-shi kitap (Oykyndeligi). Traktattar. Lyly belgisiz. – 306p.

SAA. F. 288. inventory 1. – case. G. Jandybaevtyн qoljazbalary menenbekteri. [Manuscripts and works of S. Zhandybaev].

SAA. F. 288. – q.1-tizimdeme. – case 237-is. Naryq nortretteri (Naryq naqyshtary) [Motives Nauryz]. 70 p.

SAA A. F. 288 –288 – q.1-tizimdeme. – case 235-is. Ottan tyspegen oilar (Oy kyndeliginen). [Thought diary]. 2013 j.